

«6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абдуллина Назгул Утегуловнанын «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (2019 ж. №988 қаулы) негізінде, және соның ішінде «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» мемлекеттік бағдарламаларының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер, «Мәңгілік Ел» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Жаңару мен жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстан әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам құрып, өркениетті елдердің қатарына кіруді ұлы мақсат етіп отыр. Осы мақсатқа жету жаһандану үдерісімен тығыз байланысты, ал бұл өз кезегінде басқа елдің мәдениетіне бой алдырып, тіл экспансиясына жол беру қаупін туғызады. Өркениетке біртұтас ұлт, мықты мемлекет қалпында ілесу ұлт тілінің мәртебесін көтеріп, ұлт мәдениетін сақтаумен ұштасып жатады. Осы тұрғыда ұлттық терминология қалыптастыру тіл біліміндегі басты мәселелер қатарынан табылады. Қазақ тіліне осыған дейін орыс тілі арқылы кірген байырғы латын, грек тілінің негізінде жасалған терминдерді аудару немесе оларға балама табу, қазіргі кезде жаһандану үдерісіне байланысты кіріп жатқан тілдік бірліктерді қабылдау мәселелері терминологиялық бірліктерді тіл субъектісі санасындағы когнитивтік құрылымдармен арақатынасы негізінде зерттеу жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолының бірі болып табылады. Осы диссертация мазмұнында жоғарыда аталған мәселелердің шешілуіне атсалыстаын қағидаттар мен тұжырымдар беріледі.</p> <p>Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес келеді.</p>

		<p>орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі саяси, мәдени бағыты өркениетті елдердің қатарына кіру болып табылады, осы тұрғыда тіл мәселесі ұлттық терминология қалыптастырумен тығыз байланысты. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту бағытындағы жұмыстардың үздіксіз жалғасатыны туралы, қазақ тілі білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналғандығы туралы өз жолдауында айтуы тіл білімінде арнайы орын алатын қазақ терминологиясының бағытын айқындайды. Президент атап өткен әрбір саланың басты қызмет көрсетушісі ұлттық терминология. Осы себепті білім беру жүйесінде ұлттық терминологияны қалыптастыруға аса мән беріліп, терминологияға қатысты зерттеулерді, әсіресе, қолданбалы зерттеулерді дамытып, олардың нәтижелерін мемлекеттік бағдарламаларға енгізу басты мақсаттардың бірі болып отыр. Бұл ретте зерттеулердің негізгі нысандары мен міндеттерін ұлттық тіл мәртебесін нығайтуға қатысты насихаттаумен ұштастыру маңызды. Сондықтан қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді когнитивтік құрылымдармен байланысты қарастыру жалпы ұлт тілінің мәртебесін нығайтуға бағытталған стратегиялық міндеттерге сәйкес.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымның қолданбалы салаларына үлес қосады. Ең алдымен, әрине, қазақ тіл білімінде терминология мен когнитивтік лингвистика зерттеу нысандарын ұштастыра қарастырған еңбектер бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен бұл жұмыстың ерекшелігі – қазақ терминологиясы және когнитивтік лингвистика салаларын ұштастырып, заманауи қазақ тіл біліміне, атап айтқанда, терминология саласына үлес қосуында. Ізденуші қарастырып, жан-жақты талдаған когнитивтік құрылымдар қазақ тіл біліміндегі болашақ зерттеулерге жол ашып, жаңа қазақ терминдерін когнитивтік парадигма тұрғысынан жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты жұмыстың маңыздылығы ашылған деп бағаланады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазған, жұмыс мазмұны ғылыми стиль дәрежесінде баяндалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 Диссертацияның өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Диссертациялық жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бірімен бірі сабақтаса байланысып, алға қойған мақсат-міндеттерін айқындай отырып, мазмұндық желісі нақты ғылыми дәлелдемелермен берілген. Диссертация құрылымдық жағынан ішкі бірлігі сақталған.

		<p>Диссертациялық жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Диссертация құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және үш қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны құрылымдық жағынан біртұтас болып табылады және тараулары арасында үйлесімдік пен логикалық байланыс сақталған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Жұмыстың негізгі мақсаты - өзгетілді терминдердің қазақ тіліндегі баламалары мен аудармаларының тілдік бірлік ретіндегі құрылымын зерттей отырып, олардың адам санасында туындап, белгіленуші нысан туралы ақпараттың қабылдану, сақталу және өңделу сипатын (интерпретациялануын) тілдік вербалдануына әсер ететін когнитивтік құрылымдар арқылы анықтап көрсету. Осы мақсатқа жету үшін: 1) отандық және шетелдік терминолог-ғалымдардың, тіл мамандарының термин туралы тұжырымдамалары негізінде қазақ тіліндегі терминдердің табиғатына талдау жүргізіп, субъекті қабылдайтын ақпараттың сақталуы мен интерпретациялануын (өңделуін) қамтамасыз ететін, адамның ой-пайымдау үдерісін іске асыратын ассоциация, визуалдық ойлау, метафоралану тәрізді когнитивтік үдерістердің ерекшеліктерін ашып көрсету; 2) концептуалдық талдау барысында басшылыққа алынатын қағидаттар кешенін негізге ала отырып, концептуалдық талдау алгоритімінің нәтижесінде түзілетін когнитивтік форматтағы бірліктердің, терминдік бірліктермен тікелей байланысты концепт, гештальт, фрейм секілді когнитивтік құрылымдардың арақатынасын анықтау; 3) шет тілінен (орыс, ағылшын) енген кірме терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына лингвокогнитивтік, концептуалдық талдау жүргізе отырып, қазақ тілінде жаңадан пайда болған терминдердің ұлттық тілдік бейне немесе ұлттық концептілер негізінде жасалуы олардың қолданыс, жұмсалым тиімділігін арттыруға негіз болатынын дәлелдеу сынды міндеттер қойылады.</p> <p>Диссертацияға қойылған міндеттер толықтай орындалған, зерттеудің мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 	<p>Диссертацияның негізгі құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Анықтамалар тізімі диссертация мазмұнына қатысты терминдерден, ал</p>

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>қосымшалар зерттеуде қарастырылған тілдік бірліктердің біршама көлемінен тұрады. Жұмыстың құрылым біртұтас жүйелі ғылыми жұмыстығыз сабақтастықтықта жазылған, барлық бөлімдері арасындағы ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бірімен бірі логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Зерттеу жұмысының барлық тараулары мен тараушалары логикалық сабақтастықта баяндалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ізденуші когнитивтік терминтаным саласындағы іргелі еңбектермен толық танысқан. Жұмыс барысында ұсынылған жаңа қағидаттар салыстырмалы-салғастырмалы, этимологиялық, концептуалдық талдау негізінде жасалып, зерттеу нысанына байланысты бұрыннан белгілі шешімдермен үндесе дәйектелген. Ізденуші терминологиялық бірліктің санада туындайтын концепт ұғымымен арақатынасына қатысты өз пікірін білдірген. Диссертациялық жұмыста сыни талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын жаңа ғылыми ізденістің нәтижесінде туған тың тұжырымдар деп тануға болады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: қазақ тілінде жаңадан пайда болған терминдердің ұлттық тілдік бейне немесе ұлттық концептілер негізінде жасалуы тұрғысынан қарайды; ұлттық тілдік бейне негізінде жасалып, тілден берік орын тапқан терминологиялық бірліктерге талдау жасайды; қазақ тіліндегі жаңа терминдер ассоциативтік метафоралануы, фреймдік семантикаға сәйкес құрылуына байланысты тың тұжырымдар ұсынады. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жаңа зерттеу екендігін дәлелдейді. Терминологиялық бірліктердің мән-мағынасын когнитивтік құрылымдармен арақатынасы арқылы анықтау және талдануына қатысты нәтижелер толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаңашылдығымен ерекшеленеді және қазақ терминтанымындағы өзекті мәселелермен үндеседі.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;</p>	<p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік фактілер арқылы толық негізделген.</p>

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Негізгі қорытындылар негізделген: а) зерттеудің теориялық базасы қазақ тіл біліміндегі, орыс және шетелдік фундаменталды еңбектер негізінде айқындалған; ә) зерттеу нысаны ретінде терминологиялық бірлік – термин және терминдік тіркес; когнитивтік лингвистиканың басты зерттеу нысаны – концепт, фрейм, гештальт когнитивтік құрылымдары толыққанды талданған; б) терминжасам үдерісінде ұлттық концептілерден тұратын немесе оларды терминдік тіркестің құрамдас компоненті болған жағдайларда жасалған терминологиялық бірліктердің қолданысы жоғарылайтыны көрсетілген; в) жаңа қазақ терминдерін когнитивтік парадигма тұрғысынан жан-жақты зерттеудің тиімді жолдары көрсетілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p><u>1-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), себебі терминологиялық бірліктің (термин және терминдік тіркес) лингвокогнитивтік және концептуалдық талдау нәтижелері терминнің дефиниция құрылымына да, табиғаты бойынша да когнитивтік құрылымға толық сәйкес келетіні көрсетіледі.</p> <p>7.2 Тривиалды емес. (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (1). Терминологиялық бірліктерді олардың санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырылуы жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Иә, бірінші қағидатқа қатысты тұжырымдар «Концептуалдау және категориялау – тіл біліміндегі когнитивтік құрылымдар негізі ретінде» («Қарағанды университетінің хабаршысы». Филология сериясы. №3 (95) – 2019. 38-42 б.б.); «О связи языка и мышления в процессе формирования когнитивных структур» («Филологические чтения». Материалы Международной научно-практической конференции. 2018. С.17-21. Оренбург, Россия) мақалаларында дәлелденген (1)</p> <p><u>2-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген, өйткені құрамында базалық концептілер (жер, су, кеңістік, уақыт, түр-түс және т.б.) берілген терминологиялық құрылымдары олардың санада көрініс табатын когнитивтік құрылыммен байланысы арқылы сипатталып, осындай терминологиялық бірліктердің мысалы келтіріледі. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес. (2)</p> <p>7.3 Жаңа болып табылады, себебі терминологиялық бірліктерді олардың</p>

			<p>санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырылуы бұған дейін болған емес. (1)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің осы нәтижесіне қатысты мазмұны «Lexical-semantic features of color designations in some phrasemes» (XLinguae, Volume 15, Issue 3, 126-133 p.p.) мақаласында дәлелденген. (1)</p> <p><u>3-қағидат</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген, қарастырылған терминдік бірліктердің нысанның кеңістікте орналасуына және адам санасындағы нысан сұлбасының шартты түрде орнымен байланысты «кеңістік метафораларына» сәйкес келетін түрлері анықталған. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес. (2)</p> <p>7.3 Терминологиялық бірліктерді олардың санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде шынайы дүниедегі нысанның кеңістіктегі орнына байланысты тілдік бірліктер арқылы сипаттау мәселесін қарастыру толықтай жаңа болып табылады. (1)</p> <p>7.4 Қолдануы кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің бұл қағидатына қатысты мазмұны «Терминдік бірліктерді когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырудағы метафораның рөлі» («Science Time» Халықаралық ғылыми журнал. №11.2020. 5-11 б.б. Ресей, Қазақ қ-сы) мақаласында дәлелденген. (1)</p> <p><u>4-қағидат.</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. Себебі санадағы гештальт когнитивтік құрылымы ретіндегі көрінісі тілде түрлі сезімдік-перцептивтік сипатқа ие терминдік бірліктердің болуымен дәлелденеді. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес. (2)</p> <p>7.3 Жаңа. Терминологиялық бірліктерді олардың санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырылуы негізінде тілде түрлі сезімдік-перцептивтік сипатқа ие нұсқаларының көрсетіледі. (1)</p> <p>7.4 Қолдануы кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің осы қағидатына қатысты мазмұны «Ассоциацияның қазіргі когнитивтік парадигма тұрғысынан сипаттамасы» («Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы». №4 (76). 2019. 338-344 б.б.), тағы сондай «Гештальттың когнитивтік құрылым ретіндегі сипаттамасы» («Паеми донишкада/ Махзани илм. Вестник Института/ Сокровищница науки». №1/2. 2019. 472-477 б.б. Пенжикент қ-сы, Тәжікстан)</p>
--	--	--	---

			<p>мақалаларында дәлелденген. (1)</p> <p><u>5-қағидат</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. Терминологиялық бірліктерді жаңадан жасау үдерісінде ұлттық концептілер алынатын жағдайларда жаңа термин қолданысының тиімділігі артатыны нақты мысалдармен дәлелденген. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Терминологиялық бірліктерді олардың санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастыру мәселесі жаңа болып табылады. (1)</p> <p>7.4 Қолдануы кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің аталған қағидатына қатысты мазмұны «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексиканың бірлігі ретінде «праймериз» сөзінің орнын анықтау» («Ш.Уәлиханов ат.Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы». Филология сериясы. №1. 2021. 15-20 б.б.), сондай-ақ «Linguistic national image as a factor in the effectiveness the communicative act in the intercultural communication» («Functional Aspects of Intercultural Communication. Translation and Interpreting Issues». Vol. 6. 2019. 375—392 p.), тағы да «Аталым үдерісі және менталдылық мәселелері жайында» («Қазақстанның ғылымы мен өмірі». №7 (70). 2018. 140-143 б.б.) мақалаларында дәлелденген. (1)</p> <p><u>6-қағидат</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. Қазақ терминтанымында терминологиялық бірліктердің санадағы когнитивтік құрылымдарының модель –үлгілері сипатталып, олардың өзара байланысы құрылым қаңқасы ретінде көрсетілген. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Жаңа, өйткені қазақ терминтанымында терминологиялық бірліктердің санадағы когнитивтік құрылымдарының модель-үлгілерімен байланысы зерттелмеген. (1)</p> <p>7.4 Қолдануы кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің аталған қағидатына қатысты мазмұны «Linguistic national image as a factor in the effectiveness the communicative act in the intercultural communication» («Functional Aspects of Intercultural Communication. Translation and Interpreting Issues». Vol. 6. 2019. 375—392 p.) мақаласында дәлелденген (1)</p> <p><u>7-қағидат</u></p>
--	--	--	--

			<p>7.1 Қағидат дәлелденген. Қазақ терминтаңымында метафоралық модельдеу үлгісін тілдік бірлік анықтап тұрған мән-мағына белгілеріне қатысты сипаттап, аталған құрылымдардың анықтамасын нақты мысалдармен дәлелдеген. (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Терминологиялық бірліктерді олардың санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастыру мәселесі жаңа болып табылады. (1)</p> <p>7.4 Қолдануы кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады. (3)</p> <p>7.5 Зерттеудің аталған қағидатына қатысты мазмұны «Терминдік бірліктерді когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырудағы метафораның рөлі» («Science Time» Халықаралық ғылыми журнал. №11.2020. 5-11 б.б. Ресей, Қазақ қ-сы) мақаласында дәлелденген (1)</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>8.1 Иә. Әдістеменің таңдауы негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, лексикалық-семантикалық, концептуалдық, сипаттамалық, статистикалық талдаулар; сондай-ақ, жинақтау, топтау, жүйелеу, жіктеу әдістері қолданылған. Әлемдік және қазақ тіл біліміндегі негізгі нысанға қатысты зерттеулер толық талданған, ұсынылған ақпарат дәйекті.</p> <p>8.2 Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Microsoft Word, Power Point Photoshop бағдарламаларының мүмкіншіліктері қолданылған, Терминком.кз сайтының алып көлемді қоры, аударма сайттардың мүмкіншіліктері пайдаланылған.</p> <p>Иә. Диссертация жұмысының теориялық қорытындылары, модельдері, тұжырымдамалары, ұсыныстары, анықталған өзара байланыстары және заңдылықтары қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мысалдармен және ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген және расталған. Ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісіне нақты пайымдалған қорытындылардың сенімділігі мен негізділігі ізденушінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен, оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу еңбекте көрсетілген маңызды қорытындылары мен дәйекті өзектілігімен ерекшеленеді және нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін айқындап, оны шешу жолдарын талдауға жеткілікті түрде қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері когнитивтік терминтаным, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика салаларындағы бұған дейін бар зерттеулерге үлес қосатыны анық. Зерттеліп отырған мәселенің терминологтар үшін теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика, т.с. сияқты пәндермен қатар жоғары оқу орындарындағы салалық терминологияны қалыптастыру мәселесіне қатысты жалпы ғылым салаларында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі осыған дейін зерттеу нысанын терминологиялық бірлік пен оның санада көрініс табатын когнитивтік құрылымымен арақатынасы ретінде қарастыру болмаған, терминология нысандарының мән-мазмұнын когнитивтік лингвистика зерттеу нысандарына қатысты қарастыру зерттелмеген.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары әрі қалыптасқан ғылыми стильде жазылған.

Докторант Абдуллина Назгул Утегуловна «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Еуразия Технологиялық университеті
Базалық білім беру және Тілдерді оқыту кафедрасының
қазақ тілі пәні оқытушысы,
қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к.



Досмаилова Айгүл Нүркешқызы